



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 34 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2012 жылғы 31 тамыз**

***Қазақстан Республикасында қолма-қол
шетел валютасымен айырбастау
операцияларын ұйымдастыру ережесіне
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесіне 2012 жылғы 4 шілдеде өзгерістер мен толықтырулар (бұдан әрі – Ережеге түзетулер) енгізілгені туралы хабарлайды.

Ережеге түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, сондай-ақ шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актіні жетілдіру мақсатында дайындалған болатын.

Ережеге түзетулер өзгелерінен басқа айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия алуға өтініш берген кезде уәкілетті ұйымдардың құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін беру қажеттілігін алып тастауды, жұмыс істеп тұрған уәкілетті ұйымның жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды келісу тәртібін нақтылауды және уәкілетті ұйымның біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізімін нақтылауды көздейді.

Ережеге түзетулер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 17 тамызда № 7852 тіркелген және 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының жүз тоғызыншы, жүз оныншы және жүз жиырма үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн өткен соң күшіне енеді.